

6 мамыр 2026 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Қазақстанның қызмет көрсету саласы өсімге
оралды

6 мамыр 2026 ж.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Мазмұны

Негізг тұжырымдар

Шолу

Пікір

Сұраныс, жұмыспен қамту
және әлеует

Инфляция

Қосалқы секторлар қызметі

Қазақстан бойынша аралас
PMI

Халықаралық PMI

Әдістеме

Қосымша ақпарат

Есеп туралы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® қызмет көрсету көрсеткіштерін уақтылы баяндап отырады. Есепте жергілікті өндірушілердің өкілдер панелінен алынған сауалнама негізінде өндіріс, сұраныс, жұмыспен қамту, баға және жеткізу тізбегіндегі айлық өзгерістер қадағаланады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Сәуір 2026

Қызмет көрсету саласындағы белсенділік үш айда алғаш рет күшейді

Жаңа бизнес өсімі қарқын алуда

Баға инфляциясы қатардағы шарықтаумен шамалас мәнде

Қызмет көрсету саласындағы PMI іскерлік белсенділік индексі - алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады және бұл «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы мен «өзгермеген» жауаптар пайызының жарты мәніне тең. 50-ден жоғары мән өткен аймен салыстырғанда өсім болғанын, ал 50-ден төмен мән кемуді білдіреді. Индекс маусымдық ауытқуларды ескере отырып түзетілген. PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін мына жерді [басыңыз](#).

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы қызмет
көрсету салалары
бойынша іскерлік
белсенділік PMI

Сәуір 2026

53,9



ЖАҢА БИЗНЕС ӨСІП, ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ БӘСЕҢДЕЙ ТҮСТІ

Freedom Holding Corp. ұсынған PMI® соңғы деректері екінші тоқсан басында Қазақстанның қызмет көрсету саласындағы өндіріс көлемі өсе бастағанын көрсетті.

Белсенділік бірқалыпты күшейді және өткен жылғы шілде айынан бергі ең жоғарғы көрсеткішке жетті. Сондай-ақ соңғы зерттеу кезеңінде Қазақстан қызмет көрсету секторында жаңа бизнес көлемі күрт ұлғайғаны тіркелді.

Сәуірде ресурс құнының жылдамырақ өсуі жағымсыз әсер қалдырды, инфляция қарқыны ҚҚС-ға орай қаңтардағы шарықтаумен шамалас болды. Кей фирмалар сауданы арттыру үшін бағаны бәсекеге сай ұстау мақсатында қызмет көрсету тарифтерін біртіндеп көтерді.

Негізгі көрсеткіш — Іскери белсенділік индексі. Ол бизнес белсенділігі ауқымының алдыңғы аймен салыстырғандағы өзгерісі туралы жалғыз сұраққа берілген жауап негізінде есептеледі. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылып отырады, 50-ден жоғары көрсеткіш өсімді, ал 50-ден төмен көрсеткіш төмендеуді білдіреді. Индекс маусымдық ауытқуларға сәйкес түзетіледі.

Freedom Holding Corp. компаниясының негізгі PMI Іскери белсенділік индексі сәуірде соңғы үш айдағы алғашқы «өсім аймағында». Индекс наурыздағы 49,2-ден 53,9-ға дейін көтеріліп, қызмет көрсету саласында өндіріс өсімі тұрақты болғанын аңғартты. Сонымен қатар бұл өсім қарқыны тоғыз айдағы ең жылдамы, ал индекс ұзақ мерзімді орташа мәннен жоғары болды.

Бейресми деректерге сәйкес, жаңа тапсырыс санының артуы іскери белсенділікке жаңа серпін берді.

Зерттеу жүргізілген осы айда Қазақстанның

қызмет көрсету саласында жаңа сатылым күрт өскені тіркелді. Өсу қарқыны наурызда шамалы ғана болса, бұл жолы одан әрі жанданды. Іскери белсенділік секілді, бұл жолғы өсім де соңғы тоғыз айдағы ең айқын көрсеткіш болды. Компаниялар мұны сұраныстың артуымен және жаңа келісімшарттар жасалуымен байланыстырады.

Қызмет көрсету саласында жаңа тапсырыс санының арта түсуі мен белсенділіктің қайта өскеніне қарамастан, сәуірде жұмыспен қамту төмендеді. Ақпаннан бергі ай сайын қысқарту тіркелді. Қысқарту қарқыны елеусіз болғанымен, қазан айынан бергі ең жылдамы, бұл ретте фирмалар жабылу мен компанияларды құрылымдау түрткі болғанын атап өтті.


Қазақстан қызмет көрсетушілері соңғы зерттеу кезеңінде ресурс құны күрт өскенін хабарлады. Инфляция қарқыны одан әрі артып, қаңтардағы ҚҚС-ға орай тіркелген шарықтау деңгейіне жақын болды. Тасымал құнының және жалақының көтерілуі фирмалардың шығынын ұлғайтты.

Қызмет көрсету тарифтеріне келсек, сәуірде Қазақстанның қызмет көрсету секторында баға одан әрі өсті, осылайша қазіргі инфляция кезеңі бес жарым жылға созылды. Қызмет көрсетушілердің тарифтерін айтарлықтай көтерді, соған қарамастан инфляция қарқыны қаңтардағы рекордтық деңгейден, біршама баяулап, жыл басынан бергі ең төменгі деңгейге түсті.

Соңғы PMI сауалнама деректері алдағы 12 айға арналған іскери болжам жалпы оң екенін көрсетті. Маркетингке күш салу және жаңа жабдықтарға инвестиция салу жоспары, сондай-ақ сұраныс жақсарады, жаңа келісімшарттар жасалады деген үміт, респонденттердің алдағы жылы өндіріс көлемі өседі деп болжауына ықпал етті. Іскери көңіл-күй жалпы наурыз айымен деңгейлес болды.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Деректер 2026 жылғы 9-27 сәуір аралығында жиналд
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

ПІКІР

Салтанат Мухамбеталиева, Freedom Holding Operations ЖШС Экономикалық зерттеулер және талдау бөлімінің басшысы:


"Қазақстанның қызмет көрсету саласы сәуір айында үш айлық төмендеуден кейін айтарлықтай жеделдеді, іскерлік белсенділік индексі 53,9 деңгейіне дейін өсті (+4,8 пункт м/м), бұл жаңа тапсырыстардың артуымен қолдау тапты. Мұндай айқын айлық өсім жергілікті нарық үшін сирек құбылыс және негізінен постдағдарыстық кезеңдерде (пандемия және 2022 жыл) байқалған, сондықтан сақтықпен түсіндіруді қажет

етеді. Жақсару шектеулі сипатқа ие және фундаменталды жағдайлардың өзгеруімен қатар жүрмейді, бұл жұмыспен қамтудағы сақтық пен қайта құрылымдау белсенділігінің артуынан көрінеді. Шығындар инфляциясы қайта үдеп, қаңтардағы шекке жақындады, ал драйверлері салық факторларынан жалақы мен ресурстар бағасының өсуіне ауысты. Өсім негізінен жылжымайтын мүлік секторында (ипотекалық несиелеу +16% ж/ж) және бизнес-қызметтерде шоғырланған, ал тұтынушылық және көлік сегменттері әлсіз күйде қалып отыр. 12 айлық күтулер орташа оптимизм аймағында сақталып, тарихи орташа деңгейден төмен".

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер және
талдау басшысы
Freedom Holding Operations
saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.group
Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



СҰРАНЫС, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

Екінші тоқсан басында Қазақстандағы қызмет көрсетушілерге түскен жаңа тапсырыс саны күрт өсті.


Қатарынан екінші ай тіркелген өсім соңғы тоғыз айдағы ең қарқындысы болды. Көрсеткіш ұлғайғанын хабарлаған компаниялар оны сұраныстың артуы және жаңа келісімшарттардың жасалуымен байланыстырды.

Сәуір айында іскери көңіл-күй оң болды және жалпы алғанда өткен зерттеу кезеңіндегі деңгейге сәйкес келді.

Мониторингке қатысқан компаниялардың шамамен төрттен бірінен астамы алдағы 12 айда белсенділік өседі деп

күтеді, оған сұраныс артады деген үміт, жаңа келісімшарттар жасасу мен жаңа жабдықтар сатып алуға қаржы салу жоспары әсер етеді деген сенімде. Керісінше, респонденттердің тек 9%-ы ғана теріс пікір білдірді.

Маусымға орай түзетілген Жұмыспен қамту индексі сәуірде үшінші ай қатарынан бейтарап 50,0 мәнінен төмен болды. Фирмалар қайта құрылымдау мен мекемелердің жабылуы жұмыс орындарын қысқарту толқынын тудырғанын хабарлады. Индекс алты айлық ең төменгі мәнде болса да төмендеу мардымсыз, өйткені респонденттердің басым көпшілігі (95%) штат санын наурыздан бері өзгертіпеген.




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



Болашақ белсенділік

Индекс, >50 = өсім күтіледі




ИНФЛЯЦИЯ

Қазақ қызмет көрсетушілері сәуірде баға қысымы күрт артқанын хабарлады.

Қатарынан екі бойы баяулаған ресурс құны инфляциясының қарқыны үдеп, қаңтардағы ҚҚС-ға байланысты шарықтаумен шамалас болды. Респонденттер тасымал құны мен еңбек ақының өсуі бағаның көтерілуіне әсер


еткенін атап өтті.

Десе де, қызмет көрсетуші компаниялар сәуірде қызмет ақысын айтарлықтай көтергенімен, инфляция деңгейі қаңтардан бері баяулай түсіп, соңғы төрт айда өсімі әлсіреді. Кей компаниялар шығын ұлғайғандықтан тариф бағасын өсірсе, өзгелері тұтынушыларды тарту үшін керісінше бағаны төмендеткен.



■ Ресурс бағасы
■ Баға белгілеу

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СЕКТОРЛАРЫ

Жылжымайтын мүлік секторындағы өсім көш басында

Назардағы үш сектордың ішінде жылжымайтын мүлік саласы сәуірге дейін үш ай бойы белсенділік жағынан алда болды. Сөйте тұра, тұтынушыға қызмет көрсету саласы өндіріс тұрақты екенін хабарлады, көлік пен қоймалау саласында құлдырау бәсеңдеді.

Жылжымайтын мүлік саласындағы белсенділік жаңа тапсырыстар санының артуымен қамтамасыз етілді. Бұл өсім 2023 жылдың екінші жартысынан бергі ең жылдам қарқын болды. Нәтижесінде, өзге салаларда байқалған қысқартуға қарамастан, секторда жұмыспен қамту деңгейінің одан әрі артқаны тіркелді.


Барлық салаларда ресурс құны күрт өсе түсті. Инфляция қарқыны елеулі болды, ҚҚС-ға байланысты қысым бәсеңдегеніне қарамастан, фирмалар әлі де өсіп жатқан ресурс құнының өсуінен құтыла алмай отырғанын көрсетеді. Десе де, сәуірде барлық үш секторда баға инфляциясының қарқыны баяулады, бұл кәсіпорындардың баға ахуалына қарай, шығындардың бір бөлігін өз қалтасынан өтеуді жөн көріп отырғанын аңғартады.

Үш секторда де іскери сенім деңгейі алдыңғы зерттеу кезеңіне қарағанда жақсарды. Жылжымайтын мүлік компаниялары анағұрлым оптимистік танытты.

- Тасымалдау және қоймада сақтау
- Тұтыну қызметтері
- Жылжымайтын мүлік және Іскерлік қызметтер


Іскери белсенділік

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Жұмыспен қамту

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Ресурс бағасы

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Жаңа бизнес

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Болашақ белсенділік

Индекс, >50 = өсім күтіледі



Баға белгілеу

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Ескерту: Сектор индекстерін түзетуге үш айлық көшпелі орташа көрсеткіштер әсер етті (3 ақп.).
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРАЛАС PMI®

Сәуірде Қазақ жеке секторындағы белсенділік қайта өсті

Қазақстанның Аралас PMI өндірістік индексі сәуірде соңғы сегіз айдағы алғаш рет «өсім аймағына» өтті. Наурыздағы 47,1 болған мән 51,1-ге дейін көтерілді, бұл Қазақстанның жеке секторында өнім өндірістің біршама өскенін аңғартты. Десе де, секторлық деректер бұл өсім қызмет көрсету саласындағы белсенділіктің қайта әрі тиянақты көтерілуімен байланысты болғанын көрсетті, бұл өңдеу өнеркәсібіндегі үздіксіз құлдыраудың орнын толтырды.


Жаңа тапсырыстарға келсек, бұл жерде де жаңа өсім байқалды. Өсу қарқыны қомақты болды және өткен жылғы шілдеден бергі ең жылдам көрсеткіш.

Екі негізгі сектор да өсім тіркелді, бірақ ұлғаю жөнінен қызмет көрсету саласы көш бастады.

Баға мәселесіне келсек, сәуірде жеке сектордағы ресурс құны инфляциясының қарқыны артып, соңғы 41 айдағы екінші ең жылдам көрсеткіш болды, тек қаңтардағы ҚҚС-ға қатысты шарықтаудан кейінгі орында. Сату бағалары бұрынғыдан да өсті, бірақ оның өсу қарқыны шығындардың өсуіне қарағанда айтарлықтай әлсіз болды.

Компаниялар сенімі ұлғайғандықтан, алдағы 12 айда жеке секторда өнім өндіру көлемі ұлғаяды деп күтілуде. Сенім деңгейі соңғы алты айдағы ең жоғары деңгейге жетті.

*Аралас PMI индексі өндірістігі өнім өндіру және қызмет көрсету PMI салыстырмалы индекстерінің орташа мәні негізінде есептеледі. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Қазақстанның Аралас қуат Индексі - Қазақстанның өндірістігі өнім өндіру индексі мен Қазақстанның Қызмет көрсету іскери белсенділік индексінің орташа мәні.




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. S&P Global Market Intelligence арқылы Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі ©2026 S&P Global.



■ Аралас

Өндіріс

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Өнім өндіру

Жаңа бизнес

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ қызметтері

Болашақ өндіріс


Индекс, >50 = өсім күтіледі



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Жұмыспен қамту


Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Ресурс бағасы


Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Дайын өнім бағасы

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.


Ескерту: Сектор индекстерін түзетуге үш айлық көшпелі орташа көрсеткіштер әсер етті (3 ақ).



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ PMI

Аралас өндіріс (өнім өндіру және қызмет көрсету)
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)


03/2026



Америка

■ US ■ CA ■ BR

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Еуропа, Таяу Шығыс және Африка

■ EZ ■ GB ■ RU ■ SA* ■ NG** ■ ZA**

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Азия-Тынық мұхит аймағы

■ CN ■ JP ■ IN ■ AU ■ SG*

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Белгі (мәні)

US Құрама Штаттары
CA Канада
BR Бразилия

EZ Еуроаймақ
GB Біріккен Корольдік
RU Ресей

SA Сауд Арабиясы*
NG Нигерия**
ZA Оңтүстік Африка**

CN Қытайдың ішкі өлкесі
JP Жапония
IN Үндістан
AU Аустралия
SG Сингапур*


*Қамтылған салалар арасында құрылыс, көтерме және бөлшек сауда бар. **Қамтылған салалар арасында ауыл шаруашылығы және энергетика бар.

■ Дамыған елдер

■ Дамушы елдер

X осі = PMI, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған. Y = алты айлық орташа мәнмен салыстырғанда PMI өзгерген

03/2026



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Кеңею

Аймақтардағы өсім қарқыны алты айлық кезеңге қарағанда жеделдеді. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең жоғарыда тұрған аймақтар анағұрлым жедел өсім көрсетті.

Баяулау

Алты айлық кезеңге қарағанда баяу қарқынмен өсім көрсеткен аймақтар. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең төменде тұрған аймақтарды өсім анағұрлым саябырлады.

Қысқару

Алты айлық кезеңге қарағанда жедел қарқынмен қысқарған аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, ең төменде тұрған аймақтарды қысқару қарқыны барынша тез болды.

Қалпына келу

Алты айлық кезеңге қарағанда қысқару баяу қарқынды жүрген аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, жоғарыда тұрған аймақтардағы қысқару қарқыны айтарлықтай саябырлады.

Белгі (мәні)

AE Біріккен Араб Әмірліктері	CA Канада	FR Франция	HK Гонконг ҚХР*	JP Жапония	MZ Мозамбик*+	SA Сауд Арабиясы*	ZA Оңтүстік Африка*+
AU Аустралия	CN Қытай	DE Германия	IE Ирландия	KE Кения*+	NG Нигерия*+	SG Сингапур*	ZM Замбия*+
BR Бразилия	EG Египет*	GB Біріккен Корольдік	IN Үндістан	KZ Қазақстан	QA Қатар*	UG Уганда*+	
	ES Испания	GH Гана*+	IT Италия	LB Ливан*	RU Ресей	US Құрама Штаттары	

*Қамтылған салалар арасында құрылыс, көтерме және бөлшек сауда бар. +Қамтылған салалар арасында ауыл шаруашылығы және энергетика бар.

ӘДІСТЕМЕ

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жаберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген.

Қамтылған салалар арасында тұтыну (бөлшек саудадан басқа), көлік, ақпарат, коммуникация, қаржы, сақтандыру, жылжымайтын мүлік және бизнес қызметтер бар. Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік. Бұл алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексі өндірістегі өнім өндіру индексімен пара-пар. Ол «Қызмет көрсету бойынша PMI» аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.


Аралас Өндірістік Индекс- Өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексінің орташа мәні. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Аралас Өндірістік Индекс «Аралас PMI» деп аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Индекс түсіндірмесі

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (аймақ-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Белгі (мәні)

1	Өзгеріссіз кезеңнен кейін өсім бар	6	Өзгеріссіз кезеңнен кейін құлдырау
2	Өсім бар, жедел қарқынмен	7	Құлдырау, жедел қарқынмен
3	Өсім, ұқсас қарқынмен	8	Құлдырау, ұқсас қарқынмен
4	Өсім, баяу қарқынмен	9	Құлдырау, баяу қарқынмен
5	Өсім бар, өзгеріссіз қалған	10	Құлдыраудан соң, өзгеріссіз

Сауалнама ауқымы

250 қызмет көрсетуші

Сауалнама тарихы

2019 ж. наурыз айы

Сауалнама сұрақтары

Іскери белсенділік, жаңа бизнес, жаңа экспорттық бизнес, болашақ белсенділік, жұмыспен қамту, үлгілі бизнес, ресурс бағасы, баға белгілеу.

Қамтылған секторлар

Халықаралық стандартты салалық жіктеу (ISIC) коды.

H Тасымалдау және қоймаға сақтау

I Орналастыру және тамақтандыру саласындағы қызмет

J Ақпарат және коммуникация

K Қаржы және сақтандыру қызметтері

L Жылжымайтын мүлік саласындағы қызмет

M Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер

N Әкімшілік және қолдау көрсету қызметтері

P Білім беру*

Q Денсаулық және әлеуметтік жұмыс саласы *

R Өнер, ойын-сауық және демалыс

S Өзге де қызмет салалары

*Тек жеке сектор

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртараптандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 11,3 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 21 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер және талдау басшысы
Freedom Holding Operations
saltanat.mukhambetalieva@frhc.group
Freedom Holding Corp.

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Марьям Балуч
Экономист
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1344 327 213
maryam.baluch@spglobal.com

Корпоративті коммуникация
S&P Global Market Intelligence
press.mi@spglobal.com

Ханна Брук
EMEA елдері бойынша
коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1344 327 213
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдаспа деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»). Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік , міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.